АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

040123, Жетісу облысы, Ақсу ауданы,
Сағабүйен ауылы, Қабанбай батыр көшесі,
№39 үй, тел/факс: 8(72832)50092,
БСН 130340018801,
e-mail: karashilik-akimat@mail.ru

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКИМА
КАРАШИЛИКСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА» АКИМАТА АКСУСКОГО
РАЙОНА

040123, Область Жетісу, Аксуский район,
село Сагабуйен, улица Кабанбай батыр, дом
№39,
тел/факс: 8(72832) 50092, БИН 130340018801,
e-mail: karashilik-akimat@mail.ru

«28 »тамыз 2026 жыл №92-37-60/256

ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ӘКЕП СОҒАТЫН ФАКТІЛЕРГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ ЖӨНІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ТҮСІНДІРУ ІС-ШАРАСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ

28 тамыз 2026 жыл
Сағабүйен ауылы
Сағат: 15:30

Қатысқандар: Қарашілік ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері.
Барлығы – 7 адам.

Төраға: Сакмолдин Ж.
Хатшы: Калияхметов Ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

Қарашілік ауылдық округі әкімі аппаратында әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын фактілерге жол бермеу және олардың жолын кесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сакмолдин Ж. сөз сөйлеп, Қарашілік ауылдық округі әкімі аппараты қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігін түсіндірді.

Түсіндіру барысында мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын құқық бұзушылықтарға жол бермеуі, өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін заң талаптарына сәйкес жүзеге асыруы және қызметтік тәртіпті сақтауы қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар, қызмет барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдаланбау, заңсыз әрекеттерге жол бермеу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша тиісті шараларды уақытылы қабылдау қажеттігі түсіндірілді.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды, қызметтік әдеп нормаларын және қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауы – әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі шараларының бірі екендігі атап өтілді.

Іс-шара барысында қызметкерлерге әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтың туындауына негіз болатын әрекеттерден аулақ болу, заң бұзушылық фактілеріне жол бермеу және олар анықталған жағдайда белгіленген тәртіппен тиісті шаралар қабылдау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ШЕШІМ:

1. Қарашілік ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын құқық бұзушылықтарға жол бермеу және олардың алдын алу бойынша түсіндірілген талаптарды қатаң сақтасын.

2. Қызметкерлер арасында қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың жолын кесу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

3. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін адал орындауы, қызметтік әдеп нормаларын және заң талаптарын сақтауы қамтамасыз етілсін.

4. Құқық бұзушылыққа әкеп соғуы мүмкін себептер мен жағдайларды болдырмау бойынша тиісті профилактикалық шаралар қабылдансын.

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылаубас маман Калияхметов Ж.-ға жүктелсін.

Төраға Сакмолдин Ж.

Хатшы Калияхметов Ж.